

Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 "Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 458 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 12 қаңтарда № 26458 болып тіркелді

Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 "Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4539 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аким Кызылординской области
"КЕЛІСІЛДІ"*

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі

Г. Абдыкаликова

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 458 қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы "23" қазандағы
№ 334 қаулысына қосымша

Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып белгіленген карантиндік аймақ

			Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша, гектар			
--	--	--	---	--	--	--

№	Аудандар мен қала атаулары	Барлық залалданған аумақ, гектар	жатаған (қызғылт) кекіре	арам сояулар	калифорниялық қалқаншалы сымыр	қауыншыбыны
1.	Арал ауданы	162	84	1	4	73
2.	Қазалы ауданы	239	9	15	5	210
3.	Қармақшы ауданы	192,5	10	60	2,5	120
4.	Жалағаш ауданы	267	40	95	9	123
5.	Сырдария ауданы	388	40	195	5	148
6.	Шиелі ауданы	885	110	110	5	660
7.	Жаңақорған ауданы	615	20	235	5	355
8.	Қызылорда қаласы	68,4	23	0,9	18	26,5
Барлығы		2816,9	336	711,9	53,5	1715,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК